Ақтөбе облысының білім басқармасы
«Хромтау ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің
«№3 Хромтау орта мектебі»
Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

031100, Хромтау қаласы
Абай даңғылы 7үй
факс:21-6-81
тел: 21-6-81
E-mail: hssh3@mail.ru

Коммунальное государственное
Учреждение
«Хромтауская средняя школа №3
государственного учреждения
«Отдел образования Хромтауского района
Управления образования Актюбинской
области»

031100, город Хромтау
Проспект Абая,дом 7
факс: 21-6-81
тел: 21-6-81
E-mail: hssh3@mail.ru

Бұйрық № 274/4 НҚ
№3 Хромтау орта мектебі
31.08.2024 ж.
«2024-2025 оқу жылын бастау туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу ағарту Министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы негізінде Ақтөбе облысының орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің №4-17-02-10/6213-И хатына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Мемлекеттік тіл саясатын іске асыру жөніндегі 27.05.2024 жылғы комиссия отырысының хаттамасымен берілген тапсырмаларды орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. «2024-2025 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу –тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.
2. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту Министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі №174 бұйрығы негізінде орта білім беру ұйымдарында жаңа 2024-2025 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай жасау қамтамасыз етілсін.
3. Білім беру ұйымдарында оқушылар мен педагогтардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.
4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
5. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы білім беру ұйымдарына, ата-аналар назарына жеткізілсін:

1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024 - 2025 оқу жылының басталуы 2024 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 2025 жылғы 25 мамыр болып белгіленді;
2) оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникул кезеңдері:
1-11 (12) – сыныптарда:
1-тоқсан -8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
2-тоқсан -8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтарды қоса алғанда);
3-тоқсан 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда);
1-сыныптарда: қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10 ақпаннан бастап 16 ақпанды қоса алғанда).
4-тоқсан -8 оқу аптасы.
ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және

Сканировано с CamScanner

кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізге алынсын.
Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жауапкершілігі директордың орынбасарлары М.Е.Ермахановаға, Г.К.Туякбаеваға, Н.С.Қазиеваға, Н.Е.Кукеновaға, Р.Ж.Кулумгаринаға лауазымдық қызметтеріне байланысты жүктелсін.

№3 Хромтау орта мектебі директоры **Ш.Т.Отаров**

Таныстым:

М.Е.Ермаханова
Г.К. Туякбаева -
Н.С.Қазиева-
Р.Ж.Кулумгарина -
Н.Е.Кукенова -

Сканировано с CamScanner